Инклюзивті білім беру жағдайындағы мұғалімдердің жұмысының басты міндеттерінің бірі- даму мүмкіндігі шектеулі баланы және оның отбасын жалып білім беру ортасына енгізуді реттейтін үдерісті сапалы түрде басқару болып табылады. Қыркүйек айында мектеп психологы, пән мұғалімдері, сынып жетекшілер балалардың жеке ерекшеліктерімен, нұсқаулықтармен, нормативті құжаттармен танысты. Инклюзивті балаларға білім беруді ұйымдастыру 4 бағытта жүргізілді:

1. Жұмыстың диагностикалық бағыты: баланың дамуын жүзеге асыру және оқуын жүзеге асыратын педагогтарға көмек ұйымдастыру мақсатында мектепшілік психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум құрылып, құрамы бекітілді. Консилиум төрағасы гимназия директоры Кайпулдаев А.К бекітілді. Жұмыс жоспары жасалды. Мектепшілік ПМПК – 6 отырысы өткізілді. ПМПК отырыстарында психолог-педагогикалық диагностикалардың қорытындылары, инклюзивті білім беруді қажет ететін оқушылардың даму деңгейі, психикалық процестері, жас ерекшелігі, дамыта-түзету жұмыстарының қажеттілігі және т.б. сұрақтар талқыланды.

2. Жұмыстың түзетушілік-дамытушылық бағыты. Мектеп психологы Байдуалы А. Инклюзивті оқушыны зерттей келе, мінездеме беріліп, темперамент типі анықталды. Инклюзив баланың шығармашылығын және өзіндік бағалауын анықтау мақсатында сұрақ-жауап, «Фототерапия», «Отбасы суреті» проективті әдіс арқылы анықталып пән мұғалімдеріне, сынып жетекшілерге кеңестер берілді.

Жұмыстың жалпы білім берушілік бағыты: ерекше оқытуды қажет ететін балалармен жұмыс жүргізудегі басты мақсат- балалардың әрбір жас кезеңіне тән олардың танымдық белсенділігін дамыту, сондай-ақ баланың жеке басының мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін ескере отырып мектепте оқуға даярлау. Осы мақсатта мектеп психологы пән мұғалімдерімен бірге ерекше оқытуды қажет ететін балалармен үздіксіз жұмыс жүргізіп отырды. Пән мұғалімдері ерекше оқытуды қажет ететін балалардың ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып әр сабақта жеңілдетілген тапсырмалар дайындап жұмыс жүргізіп отырды. БЖБ және ТЖБ тасырмалары жеңілдетілген түрде беріліп отырды. Шукурбек Мираспен жұмыс жүргізу барысында көптеген қиындықтар болды. Диагнозына сай оқушы әріп танымайды, жаза алмайды, сөздік қоры жоқ, есте сақтау қабілеті төмен, тез жалығады, сабақтарда отыра алмайды. Мектеп

психологы, пән мұғалімдерінің күнделікті жүргізген жұмыстары ешқандай нәтиже бермеді. Миранстың білімі барлық пәннен «3» деген бағамен бағаланғанымен оқушы әлі де оқу әрекеті кезіндегі талаптарды орындай алмайды.

3. Әлеуметтік –тәрбие жұмысы: Қыркүйек айында ерекше оқытуды қажет ететін Косухин Данил, Шукірбек Мирас, Журебек Ернардың әлеуметтік – тұрмыстық жағдайы анықталып, ата-аналар туралы толық мәлімет жинақталды. Отбасының материалдық жағдайы зерделенді, АКТ толтырылды. Ерекше оқытуды қажет ететін оқушымен қоғамдық өмірге араластыру іс-шаралары жүргізілді. Мысалы: Косухин Данил- 7 д сынып оқушысы. «Ақбота» интеллектуалды ойынына қатысып, дипломмен марапатталды. Алғыс айту күніне арналған «Адамдарға қуаныш сыйла» акциясында Косухин Данил мен Журебек Ернар сурет салып, тілек жазып өз ата-аналарына алғыстарын білдірді.

Сынып жетекшілері мен пән мұғалімдері ерекше оқытуды қажет ететін балаларға арнайы папка жинақтады.

7) Білім беру ұйымдарының жабдықтарымен және жиһаздарымен, оқу-зертханалық жабдықтармен және техникалық оқыту құралдарымен жарақтандырылуы туралы мәліметтер:

2018 – 2019 оқу жылындағы келген мүлік

2018-2019 оқу жылында мектеп күрделі жөндеуден өтті. Жүргізілген жұмыс түрлері есік,терезе,еден ауыстыру,жылу жүйесі,электр желілерін толық ауыстырды. Ішкі сыртқы әрлеу жұмыстары жүргізілді.Мектепті күрделі жөндеуден «Тараз прогресс ЖШС 200 245 278 мың теңгеге шарт жасалынды.Шілде айында шағын стадион ағымдағы жұмыстан өтті. 315 640 ақпараттық бағдарламаға компьютер бөлінді.Жұмысты «Абсент-АМК-Инвест» жасады. 9 268 000 қаржы бөлінді. №263 келісім шарт жасалды. 2019 жылы тамыз айында аяқталды.

Ақпараттық электронды және басқа да құралдар			
1	Принтер епсон	1	2018 ЖЫЛ
2	Компьютер комплект	1	2018 ЖЫЛ
3	Телевизор	12	2018 ЖЫЛ
4	Принтер 3д	1	2018 ЖЫЛ
5	Ноутбук	5	2018 ЖЫЛ
6	Интерактивный дисплей	1	2018 ЖЫЛ
7	Молнеотвод	1	2018 ЖЫЛ
8	Теплосчетчик	2	2018 ЖЫЛ
9	Матор	1	2018 ЖЫЛ
10	Аристон	2	2018 ЖЫЛ
11	Диспенсер воды	3	2018 ЖЫЛ
12	Видеокамера	3	2018 ЖЫЛ
13	Оружие автомат Калашникова		
Сынып жиһаздары			
1	Парта	56	2018 ЖЫЛ
2	Орындық	102	2018 ЖЫЛ

3	Шкаф	9	2018 ЖЫЛ
4	Тақта	4	2018 ЖЫЛ
5	Мұғалімнің орындығы	4	2018 ЖЫЛ
6	Мұғалімнің столы	4	2018 ЖЫЛ
7	Диван	2	2018 ЖЫЛ
8	Стол акт залына	2	2018 ЖЫЛ
9	Трибуна	1	2018 ЖЫЛ
10	Гимназия атауы	1	2018 ЖЫЛ
11	Картина	1	2018 ЖЫЛ
12	Ресепшен	1	2018 ЖЫЛ
Музыкалық аспаптар			
1	Домбыра	11	2018 ЖЫЛ

2019 – 2020 оқу жылындағы келген мүлік

2019 – 2020 оқу жылында Ғани Мұратбаев мектебінің ішіне әжетхана жүргізілді. Жөндеу жұмыстарын «Абибулла құрлыс» ЖШС мен-2020ж 14 мамырында 3 693 044 тенгеге келісім шарт жасалды. Жөндеу жұмыстары 2020 жыл 15 мамырында басталып 2020 жылдық 13 шілдесінде аяқталды.

№	Сынып жиһаздары		
1	Стол демонстрационный физика	1	2019 ЖЫЛ
2	Тақта	1	2019 ЖЫЛ
3	Стол зертханалық	1	2019 ЖЫЛ
4	Кресло мұғалімнің	1	2019 ЖЫЛ
5	Орындық	30	2019 ЖЫЛ
6	Парта	15	2019 ЖЫЛ
7	Шкаф	3	2019 ЖЫЛ
8	Роботехника үстелі	1	2019 ЖЫЛ
9	Тақта	2	2019 ЖЫЛ
10	Занавеска	1	2019 ЖЫЛ
11	Стол доғал	1	2019 ЖЫЛ
12	Кітапхана үстелі	1	2019 ЖЫЛ
13	Кітапхана орындығы	10	2019 ЖЫЛ
14	Кітапхана шкаф	1	2019 ЖЫЛ
Ақпараттық электронды және басқа да құралдар			
1	Компьютер комплект	12	2019 ЖЫЛ
2	Интерактивный панель физика кабинеті	1	2019 ЖЫЛ
3	Компьютер комплект	1	2019 ЖЫЛ
4	Веб-камера	1	2019 ЖЫЛ
5	Принтер	1	2019 ЖЫЛ
6	Документ камера	1	2019 ЖЫЛ
7	Герб	1	2019 ЖЫЛ
8	Флаг	1	2019 ЖЫЛ

2020 – 2021 оқу жылындағы келген мүлік

№	Спортқа арналған заттар		
1	Канат для лазание	4	2020 ЖЫЛ
2	Канат для перетягивание	1	2020 ЖЫЛ
3	Матрас спортвный	14	2020 ЖЫЛ
4	Брусья	1	2020 ЖЫЛ
5	Спортивный снаряд (козел)	1	2020 ЖЫЛ

Ақпараттық электронды және басқа да құралдар			
1	Ноутбук	1	2020 ЖЫЛ
2	Планшет	1	2020 ЖЫЛ
3	Моноблок	12	2020 ЖЫЛ
4	Ноутбук	108	2020 ЖЫЛ
5	Модем	40	2020 ЖЫЛ
6	МФУ принтер	7	2020 ЖЫЛ
7	Насос	1	2020 ЖЫЛ
8	Видеокамера	5	2020 ЖЫЛ
9	Тігін машинасы	5	2020 ЖЫЛ
10	Флаг	1	2020 ЖЫЛ
11	Мусорный бак	1	2020 ЖЫЛ
Музыкалық аспаптар			
1	Домбыра	5	2020 ЖЫЛ
Сынып жиһаздары			
1	Шкаф	4	2020 ЖЫЛ
2	Скамейка	3	2020 ЖЫЛ
3	Кресло	7	2020 ЖЫЛ
4	Стелаж	12	2020 ЖЫЛ
5	Стол оқу кабинеттерге	4	2020 ЖЫЛ
6	Шкаф	4	2020 ЖЫЛ

2021 – 2022 оқу жылындағы келген мүлік

2021 – 2022 оқу жылына білім бөлімінен мектепке кіші қызметкерлерге антисептик, порошок, сұйық сабын, пкрчатка, деохлор, термометр, лампа, краска, колер, сыпыртқыш, имульсия берілді. Жазғы демалыста сол берілген заттарды мектепті ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргіздік.

Ақпараттық электронды және басқа да құралдар			
1	Микшерный пульт	1	2021 ЖЫЛ
2	Дрон	1	2021 ЖЫЛ
3	Микрофон	1	2021 ЖЫЛ
4	Термометр	2	2021 ЖЫЛ
5	Лампа бакцеридная	2	2021 ЖЫЛ
6	Передвижной шкаф	1	2021 ЖЫЛ
7	Акт залының орындықтары	90	2021 ЖЫЛ

Ұсыныс: Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясына алдағы 5 жылдықта бастауыш сыныптарының парта мен орындықтарын ауыстыру, бейне бақылау камералары мен биология кабинетіне зертханалық заттар мен сынып комплект ауыстыру қажеттілігі туындап отыр.

8) Білім алушылар үшін тамақтану объектісінің болуы туралы мәліметтер:

Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясының асханасы типтік жобамен соғылған, 2 қабатты ғимараттың 2-ші қабатында орналасқан. Отырғызатын орын саны-80. Асхананың үй-жайлар жиыны: тамақтану залы-135,70 м², тамақ тарату аймағы мен асхана бөлмесі -31,90 м², асхана және жеке ас үй ыдыстарын жуатын бөлме-9,36 м², құрғақ өнімдерді сақтайтын қойма- 15,6 м², көкеністер сақтайтын қойма- 15,8 м², санитарлық аулалық қондырғы, қоқыс пен тамақ

қалдықтарын жинауға арналған контейнерлер мектептің шаруашылық аймағында орналасқан. Қоқыс пен тамақ қалдықтары дезинфекцияланып, контейнерлердің толу шамасына қарай шығарылады. Сумен жабдықтау: ішкі су жүйесі арқылы су тартатын құрылғымен жабдықталған түтік тәріздес құдық арқылы. Ыстық су электр плитасында және жылытқыштар арқылы беріледі. Кәріз жүйесі: жергілікті жерасты су өткізбейтін қақпақпен жабдықталған, шұңқыр қарастырылған. Жылыту нүктесі: газ тәріздес отынмен жағылатын мектеп қазандығы арқылы. Жарықтандыру: табиғи және жасанды жарықтандыру көздері қарастырылған. Жарықтандыру көздері жарық беретін қорғаныш арматурамен жарықтандырылған. Желдету: есік, терезелер арқылы жүзеге асырылады. Терезелер темір, пластикалық материалдан жасалған. Едендеріне керамикалық плита төселінген, қабырғалары кафельденген. Асханаға қажетті технологиялық, тоңазытқыш қондырғылармен жабдықталған. Азық-түлік қоймалары екі сөрелі стеллаждармен жабдықталған. Өндірістік үстелдер, бөлшектеу мүкаммалы (бөлшектеуге арналған тақтай мен пышақтар) ас үй ыдыстары таңбаланған, таңбасына сәйкес қолданылады. Аз қамтылған, қамқорлықтағы және көп балалы отбасылардағы 75 оқушыны бір мезгіл ыстық тамақпен және жалпы мектеп оқушыларын буфеттік өнімдермен қамтамасыз етеді. Асхана және ас үй ыдыстары арнайы секциялы ыдыстарда жуылады. Тамақтану залында оқушыларға арналған қол жуғыштар орнатылған. Тамақтану залында гимназия директоры бекіткен ас мәзірі күнделікті ілінеді. Тамақ өнімдері мен азық-түлік шикізатына бракераж журналы арналған, уақытылы толтырылады. Жуу жжәне зарарсыздандыру заттарымен қамтамасыз етілген. Асханада 3 адам жұмыс істейді, арнайы киімдермен қамтамасыз етілген. Персоналдың жеке бас гигиенасын сақтауға арналған құралдарымен жабдықталған. Жеке және арнайы киімдер шкафтарда сақталады. Жеке медициналық кітапшалары бар, міндетті медициналық тексеріп-қараудан, гигиеналық оқудан өткен.

6. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор:

1) Оқу және көркем әдебиеттің кітапхана қорының болуы туралы мәліметтер:

Мектеп кітапханасы балаларды кітап оқуға жастайынан баулу, отанды сүйе білу секілді асқақ сезімдерге тәрбиелеу, әдебиет таңдауға, оқушының кітапқа деген қызығушылығын арттыруға, ақпараттық мәдениетке тәрбиелеу мақсатында үлкен жұмыстар жүргізуде.

Мектепте оқулықтармен қамтамасыз етуді "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 19-3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы білім мен ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 бұйрығымен «Білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету тетігінде» тегін оқулықтармен толық қамтамасыз ету ережесіне сүйене отырып, бір жылдық пайдалану есебінен қайтарылым негізінде қамтамасыз етілді.

Мектеп кітапханасының үш жылдық жалпы кітап қорының есебі.

№	Оқу жылдары	2020-2021	2021-2022	2022 -2023
1	Жалпы кітап қоры	34871	36474	37976
2	Оқулықтар	22180	22681	22916
3	Көркем әдебиет	10608	11649	11742
5	Әдістемелер	633	581	546
6	Электронды оқулық.	1450	1383	1409
8	Дәптерлер	-	180	1363

Оқулықтар оқушылар мен мұғалімдерге таратылып беріліп, оқу жылының аяғында тазалығы мен сақтау сапасы тексеріліп жинап аламыз. Жоғалған оқулықтардың орнын толықтырамыз. Оқулықтарды есепке алып, ретке келтіріп отырамыз.

Мектеп оқушылары 100% оқулықтармен қамтамасыз етілген.
Жағдайы төмен отбасы оқушыларының оқулықпен қамтылуы: 100 %

2) Интернет желісіне қосылған компьютерлердің (шағын жинақты мектептерді қоспағанда) компьютерлік сыныптарының болуы туралы мәліметтер:

Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясында оқу кабинеттері саны – 41, оқу кабинеттерінің барлығы компьютерлік құрылғылармен қамтылған, алайда локальді желі қосылмаған, сымсыз Wi-fi желісімен жұмыс жасайды. Интернет желісінің әлсіздігі және жылдамдығы төмен болғандықтан интернет қажетті деңгейдегі жылдамдықпен жұмыс жасамайды. Гимназиямызда информатика және робототехника кабинеттері бар. Информатика кабинетінде оқушылардың жұмыс жасауы үшін 12 моноблок қойылған. Барлығы жұмыс жасайды және сымсыз желіге қосылған. Робототехника кабинетінде 12 компьютерлер қойылған, олар адаптерлер арқылы сымсыз желіге қосылған.

Ұсыныс: Гимназиямыздың оқу тәрбие процесінде толық іске асуы үшін интернет желісі оптикалық талшықты желіге қосылуы және барлық оқу кабинеттеріне локальді желі тартуға қажеттілік туындап отыр.

Жалп	Жарақтандырылуы туралы мәліметтер		
------	-----------------------------------	--	--

ы жән е пайдал ы алаңыны ң ауданы (м2) көрсеті лген ғимарат тың (құрылы стың) нақ ты мек ен жай ы	Ат ау ы ме н ауд ан ы көр се тіл ген ауд ито рия лар , пән каби нет тері*	О ку- өндірі стік шебер ха налар, оку- т э ж і р и б е л і к учаск елер, оку шару ашы лықт ары, оку поли гон дары *	А та у кө рс е ті л ге н зе рт ха нала р* (м2)	Түрі көрсет ілген оқу және оқу- зертха на жабды қтары ның, техни калық оқу құрал дары ның тізбесі	Мә жі ліс зал ы, спо рт зал ы (м2)	Компьютерлік сыныптар, компьютерлер, жабдықтар , жиһаз, жеке пайдалануға арналған шкафтар, бейне камералар	кіт ап ха на	«Клини каға дейінгі симуля ция лық кабине ттер » медици налық бағыты бойын ша кадрла р даярлау үшін*	Континге нт туралы өзекті дерекқорл ары бар білім б е р у ді басқару дың ақпаратт ық жүйесі, edu.kz аймағ ынд а үші нші деңгейд егі домендік атау
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Байзақ ауданы, Сарыкеме р ауылы Қосы батыр №47 А	Қазақ тілі каб- 35 60,62 м ² Техно логия каб - 34 29,70 м ² Орыс тілі 48,7 м ² Орыс тілі 49,0 м ² Тарих 49,0 м ² Ағыл шын 4,03 м ² Ағыл шын 29,4 м ² Ағыл шын 18,4 м ² Қазақ	Технол огия қыздар 49,6 м ² Технол огия улдар 29,7 м ²	Физи ка кабин еті зертха насы 7,7,м ²	Комплект лабор работ, аппарат киппа 250 мл, прибор комбнир, весы электрон ныс, аппарат для химическ ий рекции, п рибор для иллюстр хим реакций, прибор для окислени я спирта над медным, прибор для получени я растворм ых веществ в твердым, прибор для	Акт залы 84,5 м ² Спорт залы 2993 М ² Асхан а 135,7 м ²	Бастауыш №2 Тақта, парта 13, орындық 26 , маноблок 1, шкаф 1, өртсөндіргіш. 1 мұғалімнің столы , орындығы 1. Бастауыш №3 Тақта 1, парта 15, орындық 30, моноблок 1, шкаф 1. мұғалімнің столы , орындығы 1. Бастауыш №4 Тақта 1, парта 15 , орындық 30 , моноблок 1, телевизор 1, шкаф 1, мұғалімнің столы , орындығы 1. Бастауыш №5 Тақта 1, парта 15 , орындық 30, шкаф 1, магнитная тақта 1, өрт сөндіргіш 1. мұғалімнің столы , орындығы 1. Бастауыш №6 Тақта 1, парта 15, орын дық, шкаф 1, комплект компьютер 1, проектор 1, мұғалімнің столы , орындығы 1. Бастауыш №7 Тақта 1, парта 13, орын дық 26, шкаф 1, моноблок	Кітап хана 65,8 м ²		

	тілі 18,7 м ² Қазақ тілі 29,9 Математика 42,3 Математика 49,6 География 49,3 Өзін өзі тану 48,4 Технология 49,6 Технология 29,7 Бағдар 29,7 Математика 17 каб 42,4 Биология 49,9 Информатика №19 каб Роботехника №20 48,4 Математика №21 49,6 Тарих №22 48,4 Қазақ тілі №23 48,7 Ағылшын тілі №24 48,9м ² Орыс тілі №25 49,9 Химия каб №15			галодалка нов деманстрация,магнитная мешалка с подогревом, аппарат для дистилляции воды,баня комбинированная лабораторная,микр олобар для проведения демонстрационных химия, Комп химич-й посуды спец-ного назначения, штатв демонстрационный , нагреватель приборок универсальный,Рн - метр,стол ик подъемный, комплект индивидуальный защиты учителя,к омплект нейтрлизаторов, промывалка, набор для состав-я объем-х модел молеку,ко мплект флаконов , горючее сухое,комплект шпателей , набор стекляные посуды		1,магнитная тақта1, мұғалімнің столы, орындығы.1 Бастауыш №8 Тақта 1, парта15, орындық30, шкаф 2, теледидар 1, моноблок1, мұғалімнің орындығы , столы1. Бастауыш №9 Тақта1, парта15, орындық30,шкаф2, магнитная тақта1, комплект компьютер2, видеопроектор1, өртсөндіргіш1, мұғалімнің столы, орындығы1. Бастауыш №10 Тақта1, парта15, орындық30, шкаф1, магнитная тақта1, комплект компьютер1, видеопроектор1, өртсөндіргіш1, мұғалімнің столы, орындығы1. Бастауыш №11 Тақта1, парта15, орындық30, шкаф1, моноблок1, мұғалімнің столы, орындығы1. Бастауыш №12 Тақта1, парта12, орындық24, шкаф1, мұғалімнің столы, орындығы1. НВП №13 Тақта 1, парта15, орындық 30, шкаф1, оружейка1, мұғалімнің столы ,орындығы1. Химия №15 Тақта1, орындық 30, парта 15, өртсөндіргіш 1, моноблок1, комплект компьютер 1, видеопроектор 1, деманстрационный стол1, мұғалімнің орындығы, столы 1. Физика №16 Тақта 1, парта 15, орындық30, шкаф3, комплект компьютер1, лэт экран1,принтер 1, деманстрационный стол 1, мұғалімнің столы орындығы 1, Математика № 17 Тақта1, парта12, орындық24, шкаф1, мұғалімнің столы, орындығы 1. Биология №18 Тақта1, парта13,		
--	---	--	--	--	--	---	--	--

	69,6 м ² Физика каб №16 72,3 м ² Музыка каб 30,00 Бастауыш №12 35,8 Бастауыш №1 31,3 Бастауыш №2 42,3 Бастауыш №3 49,6 Бастауыш №4 49,3 Бастауыш №5 48,4 Бастауыш №6 49,6 Бастауыш №7 48,7 Бастауыш №8 48,7 Бастауыш №9 49,00 Бастауыш №10 49,9 НВП каб 13 49,20			я лабораторных работ и опытов по химия,комплект фарфоровой посуды посуды для работ, комплект мерной посуды для лабораторных работ, набор предназначенностей по химии, термометр цифровой , штатив лабораторный химический, сетка латунная распылительная, автоматическая станция для промывки и глаз,сосуды сообщающиеся, трубка ньютонна, трубки капиллярные,прибор для изучение законов геометрический оптики,штатив тангенциметр термометр жидкости ,компас, электромагнит разборный, горючее для спиртового	орындық26 , шкаф 2, мұғалімнің столы , орындығы1 . Информатика №19 Компьютер комплект 12, тақта 1, шкаф2 , орындық 20, парта 10, компьютер столы 12, видеопроектор1 , мұғалімнің столы , орындығы 1. Модем, принтер, колонки, хаб, сканер, Роботатехника№20 Лэт экран1, тақта 1, моноблок12 , 3д принтер , парта8 , орындық 16, мұғалімнің столы,орындығы 1, робот столы 1, нотбук 5, компьютер столы 12, роботтар. Математика № 21 Тақта1 , парта15 , орындық30, шкаф 3, мұғалімнің столы , орындығы 1. Моноблок.1 Тарих №22 Тақта1 , парта15, орындық30 , шкаф3 , мұғалімнің столы , орындығы 1. Моноблок1. Қазақ тілі №23 Тақта1 , парта15 , орындық30, шкаф3 , мұғалімнің столы , орындығы 1. Компьютер комплект1. Ағылшын тілі №24 Тақта1 , парта15 , орындық30 , шкаф2 , мұғалімнің столы , орындығы 1. Комплект компьютер1. Орыс тілі №25 Тақта1 , парта15 , орындық30 , шкаф2 , комплект компьютер1 , видеопроектор1 , өртсөндіргіш 1 , мұғалімнің столы , орындығы1 . Қазақ тілі №26 Тақта1 , парта, 10орындық20, шкаф1 , мұғалімнің столы , орындығы 1 Қазақ тілі№27 Тақта1 , парта15 , орындық30 , шкаф1 , мұғалімнің столы , орындығы 1 Математика №28 Тақта1 , парта15 , орындық30 , шкаф2 ,			
--	--	--	--	---	--	--	--	--

				к,	<p>мұғалімнің столы , орындығы 1 Математика №29 Тақта1 , парта15 , орындық30 , шкаф1 , мұғалімнің столы , орындығы 1 География №30 Тақта1 , парта15 , орындық30 ,шкаф2 , комплект компьютер1 , видеопроектор1 , өртсөндіргіш1 , мұғалімнің столы , орындығы1 . Өзін өзі тану №31 Тақта1 , парта15 , орындық30 , шкаф2 , мұғалімнің столы , орындығы 1 Комплект компьютер1,видеопроектор1. Технология №32 Тақта1 , парта15 , орындық30 , шкаф2 , мұғалімнің столы , орындығы 1 Тігін машинасы 5,маникен 1, үтік1 ,доғал стол1. Бағдарлы оқыту №33 Тақта1 , парта8 , орындық16 , шкаф2 , мұғалімнің столы , орындығы 1 Технология №34 Тақта1 , парта15 , орындық30 , шкаф2 , мұғалімнің столы , орындығы 1 Қазақ тілі №35 Тақта1 , парта15 , орындық30 , шкаф2 , мұғалімнің столы , орындығы 1 моноблок1 Орыс тілі №36 Тақта1 , парта15 , орындық30 , шкаф2 , мұғалімнің столы , орындығы 1 Моноблок.1 Орыс тілі №37 Тақта1 , парта15 , орындық30 , шкаф3 , мұғалімнің столы , орындығы 1 Моноблок1. Тарих №38 Тақта1 , парта15 , орындық30 , шкаф2 , мұғалімнің столы , орындығы 1 Моноблок1. Ағылшын №39 Тақта1 , парта15 , орындық30 , шкаф1, мұғалімнің столы ,</p>			
--	--	--	--	----	---	--	--	--

						орындығы 1 Моноблок1. Ағылшын №40 Тақта1 , парта10 , орындық20 , шкаф2 , мұғалімнің столы , орындығы 1 Ағылшын №41 Тақта1 , парта12 , орындық24 , шкаф1 , мұғалімнің столы , орындығы 1 моноблок1			
--	--	--	--	--	--	---	--	--	--

7. Білім алушылардың білімін бағалау:

1) ЖП үлгілік оқу бағдарламаларына және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес тиісті білім берудің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндері) бойынша білім алушылардың даярлық деңгейі (оқытудың күтілетін нәтижелері):

2020-2021 оқу жылы

Санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға байланысты 2020-2021 оқу жылы қашықтан оқыту форматында басталды. **Оқу жылының басында 11 сыныпта 53 мектеп бітіруші білім алды.** 11«А» сыныбында – 21 оқушы, 11 «Ә» сыныбында – 22 оқушы, 11«Б» сыныбында – 10 оқушы. 9 сынып оқушылар саны 91 болды. 9«А» сыныбында – 23 оқушы, 9 «Ә» сыныбында – 24 оқушы, 9 «Б» сыныбында – 22 оқушы, 9 «В» сыныбында – 22 оқушы. «Алтын белгіге» үміткер – 3 оқушы (Абдуқахар Ақбопе, Қарсақбаева Жанель, Павлова Лиана), үздік аттестатқа үміткер 4 оқушы (Айттех Жамбыл, Сыздыкова Дильназ, Рашидова Рамина, Искендинова Бірғаным) болды.

Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясының 29.08.2020ж. №1 педагогикалық кеңесте

2020-2021 оқу жылына арналған мектеп түлектерін қорытынды аттестаттауға дайындау бойынша бұйрық шығарылып, дайындық жоспары бекітілді. Қосымша сабақтар (қашықтан оқыту)кестесі құрылды.

Дүйсенбі – қазақ тілі, қазақ әдебиеті/ русский язык, русская литература

Сейсенбі – алгебра және анализ бастамалары

Сәрсенбі – таңдау пәндері

Бейсенбі – тарих

Жұма – орыс тілі мен әдебиеті/ казахский язык и литература

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көзделген оқу пәндерінің көлемін, олардың меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім болғандықтан жыл бойы қорытынды аттестаттауға дайындық жұмыстары

жүргізіліп, дайындық жұмыстарының барысы директор жанындағы кеңесте 6 рет, педагогикалықкеңесте 5 рет қаралды.

9.11.2020ж. өтілген №3 педагогикалықкеңестің күн тәртібінде мектеп түлектерін қорытынды емтиханға дайындау мәселелері қаралды.

1 тоқсанда санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға байланысты мектеп түлектерін қорытынды аттестаттауға дайындау қашықтан өткізілді. Тоқсан барысында «Алгебра және анализ бастамалары» пәнінен алынған бақылау жұмысы, ана тілі және әдебиетінен (оқыту тілі) жазылған эссе, Қазақстан тарихы және таңдау пәндерінен алынған сынама тест қорытындылары қаралды. Бақылау жұмысының қорытындысы бойынша ең төмен көрсеткішті 11 «А» сыныбы көрсетті (білім сапасы-29%, үлгерімі-82%). Бегалиев А., Исламбек А. және Тлеуқұл А. «2» алған. 25% білім сапасын 11 «Ә» сыныбы көрсетті (үлгерімі-80%) Бахтығалиев Ш., Дуйсенғалиев А., Абдуалиев Б., Жеденов Д. «2» алған. Қазақстан тарихы пәнінен де түлектердің білімі төмен екені анықталды. Соңғы сынама тестінде 11 «А» сыныбының 3 оқушысы, 11 «Ә» сыныбының 5 оқушысы, 11 «Б» сыныбының 2 оқушысы «2» алған. Көрсеткіштің нашарлауы білім алушылардың қашықтықтан білім алуы, өз бетінше жұмыс істей алмауы және жаз бойы өз білімдерін жетілдірмеуі себеп болды.

Педагогикалықкеңестің қабылдаған шешімі:

– Қорытынды аттестаттауға дайындауда эссе жазу бойынша қосымша материалдар, көркем әдебиеттер, аргументтер жинату, грамматика бойынша түсіндіру жұмыстар жүргізілсін. (жауапты: Кудериева Б., Салимова А.).

– Алгебра және анализ бастамалары, Қазақстан тарихы және таңдау пәндерінен түзету жұмыстарын жүргізіліп, тарау бойынша қайталау, түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізілсін (жауапты: пән мұғалімдері).

9.01.2021ж. өтілген №4 педагогикалықкеңестің күн тәртібінде:

“Алтын белгі”, ерекше аттестатқа үміткерлермен жұмыс барысы қаралды.

«Алтын белгіге» үміткер Абдухакар Ақбөпе, Қарсақбаева Жанель, Павлова Лиана, үздік аттестатқа үміткер Айттех Жамбыл, Искендірова Бірғаным, Сыздыкова Дильназ, Рашидова Рамина. I жартыжылдықта үміткерлерден айына 1 рет «Алгебра және анализ бастамалары» пәнінен бақылау жұмысы, ана тілі және әдебиетінен (оқыту тілі) эссе, Қазақстан тарихы, таңдау және орыс сыныптарында қазақ тілі және қазақ сыныптарында орыс тілі пәндерінен мектепшілік сынама жұмысы (тест) алынды. Бақылау жұмысының қорытындысы бойынша барлық үміткерлер жақсы нәтиже көрсетті. Тек Искендірова Бірғаным алгебра және анализ бастамалары, Қазақстан тарихы пәнінен төмен көрсеткіш көрсетті. I жартыжылдықта ҰБТ-ге дайындау мақсатында 6 рет байқау сынағы алынды. Өткізілген байқау сынақтарының қорытындысы бойынша «Алтын белгіге», Үздік аттестатқа үміткер оқушылардың көрсеткіштері баяу көтерілуде. Соңғы тест нәтижесі бойынша Абдухакар Ақбөпе, Айттех Жамбыл, Қарсақбаева Жанель, Павлова Лиананың орташа балы 90 балдан енді асты. Көрсеткіштердің төмен болуы 1-2 тоқсанда қашықтан оқытылуы себеп болды.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

– «Алтын белгіге», үздік аттестатқа үміткер оқушылармен қосымша жеке жұмыс жүргізілсін (жауапты пән мұғалімдері);

– Үздік аттестатқа үміткер Іскендірова Б. білім сапасының *төмендеуіне* байланыстыдайындық жұмыстары күшейтілсін.

– Қорытынды аттестаттау өткізу үшін комиссия құрылсын.

Қорытынды аттестаттау өткізу үшін гимназия директорының бұйрығымен (№5) комиссия құрылды.

30.03.2021ж. өтілген №6 педагогикалық кеңестің күн тәртібінде:

– “Алтын белгі”, “Үздік аттестат” ерекше үлгідегі негізгі орта білім туралы аттестатқа үміткерлердің тізімін бекіту.

– Оқушыларды қорытынды аттестаттауға дайындау. Оқу жылын аяқтау, бітіру емтихандары жөніндегі нұсқауды талқылау. Оқушыларды мемлекеттік қорытынды аттестаттауға жіберу және мемлекеттік емтиханнан босату мәселелері қаралды.

"Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 6 маусымдағы № 265 бұйрығына сәйкес:

– Негізгі орта білім туралы аттестатқа қосымшаға енгізілетін оқыған пәндерден "5" деген бағасы бар 9 сынып бітірушілеріне "Мемлекеттік үлгідегі білім беру туралы құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығымен бекітілген нысанға сәйкес негізгі орта білім туралы үздік аттестат беріледі.

– 10 және 11 сыныптардағы оқу кезеңінде барлық оқыған пәндерден жылдық, қорытынды және қорытынды аттестаттаудағы бағалары "5" болған 11-сынып бітірушілеріне № 39 бұйрықпен бекітілген нысанға сәйкес жалпы орта білім туралы үздік аттестат беріледі.

– Жақсы мінез-құлық танытқан және 5-11 сыныптар аралығында барлық пәндерден жылдық және қорытынды бағалары "5" болған және жалпы орта білімі бойынша қорытынды аттестаттаудан "5" деген бағаға өткен 11 сынып бітірушілеріне № 39 бұйрықпен бекітілген нысанға сәйкес жалпы орта білім туралы "Алтын белгі" аттестаты және "Алтын белгі" белгісі беріледі.

"Алтын белгі" белгісіне үміткер жаратылыстану-математикалық бағыттағы қазақ сыныбының оқушылары Абдуқахар Ақбопені, Қарсақбаева Жанельді, орыс сыныбының оқушысы Павлова Лиананы және жалпы орта білім туралы үздік аттестатқа үміткер Айтөх Жамбылды, Сыздыкова Дильназ, Рашидова Раминаны, негізгі орта білім туралы үздік аттестатқа 9 сынып оқушылары Исаева Саяны, Омарова Аяулымды, Ахметова Сымбаты және Бекзат Аружанды үміткерлер тізіміне енгізу ұсынылды. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 11 «Ә» қазақ сыныбының оқушысы Іскендірова Бірғанымның 11 сыныпта химия, алгебра, биология, Қазақстан тарихы пәні

бойынша білім сапасының төмендеуіне, 9 «Ә» сынып оқушысы Бахытқызы Шапағат, 9 «Б» сынып оқушысы Қасымова Асемнің бірнеше сабақтан білім сапасының нашарлауына және білім алуға деген уәжінің төмендеуіне байланысты үздік аттестатқа үміткерлер тізімінен шығару ұсынылды. Жоғарыда аты аталған үміткерлерді ұстаздар қауымы бірауыздан қолдады.

"Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 6 маусымдағы № 265 бұйрығына сәйкес: негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру білім алушылардың міндетті қорытынды аттестаттауымен аяқталады және мынадай нысандарда өткізіледі:

- 1) 9 (10) сыныптардың білім алушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары;
- 2) 11 (12) сыныптардың білім алушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары.

1-8, 10 сыныптардың білім алушыларына қорытынды аттестаттау қарастырылмайды.

Қорытынды аттестаттауға МЖМБС талаптарына сәйкес үлгілік жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген 9 (10), 11 (12) сыныптардың білім алушылары жіберіледі.

Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген 9 (10) сынып білім алушылары төрт пәннен емтихан тапсырады, оның біреуі таңдау бойынша.

9 (10) сынып білім алушылары үшін қорытынды аттестаттау мынадай нысандарда өткізіледі:

1) ана тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан (оқыту тілі бойынша) (гуманитарлық циклдегі пәндерді тереңдетіп оқытатын мектептердің білім алушылары үшін – шығарма, қалған білім алушылар үшін - диктант);

2) математикадан жазбаша емтихан;

3) орыс, өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде қазақ тілінен ауызша емтихан және қазақ тілінде оқытатын мектептерде орыс тілінен ауызша емтихан;

4) таңдау бойынша пәннен (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет, шетел тілі (ағылшын, француз, неміс), информатика) ауызша емтихан;

Жалпы орта білім берудің жалпы білім беру оқу бағдарламаларын меңгерген 11 (12) сынып білім алушылары бес емтихан түрінде қорытынды аттестаттау тапсырады, олардың біреуі таңдау бойынша.

11 (12) сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттау мынадай нысандарда өткізіледі:

1) ана тілі және әдебиетінен (оқыту тілі) эссе нысанында жазбаша емтихан;

2) алгебра және анализ бастамалары пәнінен жазбаша емтихан;

3) Қазақстан тарихынан ауызша емтихан;

4) орыс, өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде қазақ тілінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде орыс тілінен тестілеу;

5) таңдау бойынша пәннен (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, әдебиет, шетел тілі (ағылшын, француз, неміс), информатика) тестілеу.

9 және 11 сыныптардың білім алушылары қорытынды аттестаттаудан білім басқармалары басшыларының бұйрықтарымен, республикалық мектептердің білім алушылары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің (бұдан әрі – Министр) бұйрығымен мынадай жағдайларда босатылады:

1) денсаулық жағдайына байланысты;

2) I - II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар;

3) жазғы оқу-жаттығу жиындарына қатысушылар, халықаралық олимпиадаларға (жарыстарға) қатысу үшін Қазақстан Республикасының құрама командасына үміткерлер;

4) жақын туыстарының қайтыс болуы (ата-аналар, балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер, ата, әже);

5) әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар.

Денсаулық немесе басқа жағдайға байланысты емтиханнан босатылған оқушылар болған жоқ.

25.05.2021ж. өтілген №7 педагогикалық кеңестің күн тәртібінде оқушылардың

2-9 сыныптарға көшірілуі және 9,11 сынып оқушыларының мемлекеттік сынаққа жіберілуі қаралды.

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының 2021 жылғы 5 мамырдағы №229-Ө бұйрығына, «2020-2021 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарының білім алушыларын қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы» Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Байзақ ауданының білім бөлімінің 2021 жылғы 12 мамыр күнгі №177 бұйрығына сәйкес оқу жылын аяқтаудың мынадай мерзімдері белгіленді: 9 сыныптың білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары – 2021 жылы 28 мамыр – 5 маусым, мемлекеттік бітіру емтихандары – 2021 жылғы 1-10 маусым аралығында бітеді.

"Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 28 сәуірдегі № 189 бұйрығы. Шектеу шаралары, оның ішінде карантин жарияланған 2020-2021 оқу жылы қорытынды аттестаттау мынадай нысандарда өткізілетіні жайлы айтылды.

9 сынып білім алушылары үшін:

1) қазақ/орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе);

2) математика (алгебрадан) жазбаша емтихан (бақылау жұмысы);

3) орыс, өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау).

11 сынып білім алушыларын үшін:

1) қазақ/орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан:

2) алгебра және анализ бастамалары пәнінен жазбаша емтихан (бақылау жұмысы);

3) Қазақстан тарихынан тестілеу;

4) орыс, өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде қазақ тілінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде орыс тілінен тестілеу".

Педагогикалық кеңестің шешімімен 9 сыныптың 94 оқушысы (9 «А» - 24 оқушы, 9 «Ә» - 23 оқушы, 9 «Б» - 24 оқушы, 9 «В» - 23 оқушы) және 11 сыныптың 49 білім алушысы

(11 «А» - 19 оқушы, 11 «Ә» - 20 оқушы, 11 «Б» - 10 оқушы) қорытынды аттестаттауға жіберілді. Емтихандар және консультациялар кестесі құрылды.

Сынып	Күні	Пәні	Уақыты Кабинет	Экзаменатор	Ассистент
9а	28.05	Қазақ тілі мен әдебиеті (эссе)	9:00 фойе (2)	Жумагулова Г.	Маманова М. Жунисова Р.К.
	02.06	Математика (бақылау жұмысы)	9:00 фойе (1)	Садуакасова К.М.	Абдураманов Р. Сейдибаев Қ.Ш.
	05.06	Орыс тілі (жазбаша емтихан)	9:00 №23	Мукамбетова Ж.Ж	Егесина Г. Салимова А.А.
			9:00 №21	Нурбаева Д.Д.	Кенбаева З.Х. Айдаркулова Д.К.
9ә	28.05	Қазақ тілі мен әдебиеті (эссе)	9:00 фойе (1)	Кудериева Б.Ж.	Трусбаева Е. Утегенова Ш.
	02.06	Математика (бақылау жұмысы)	9:00 фойе (2)	Примкулова Г.С.	Рысбаев А.А. Удерева К.Ч.
	05.06	Орыс тілі (жазбаша емтихан)	11:00 №23	Мукамбетова Ж.Ж	Егесина Г. Салимова А.А.
			11:00 №21	Нурбаева Д.Д.	Кенбаева З.Х. Айдаркулова Д.К.
9б	28.05	Қазақ тілі мен әдебиеті (эссе)	9:00 фойе (2)	Жумагулова Г.	Қосақбаева Т. Бейбитова А.
	02.06	Математика (бақылау жұмысы)	9:00 фойе (2)	Примкулова Г.С.	Усенова Б. Танабек А.

	05.06	Орыс тілі (жазбаша емтихан)	14:00 №23	Нурбаева Д.Д.	Кенбаева З.Х. Салимова А.А.
			14:00 №21	Айдаркулова Д.К.	Мукамбетова Ж.Ж Егесинова Г.Б.
9в	28.05	Русский язык и литература (эссе)	9:00 №16	Салимова А.А	Нурбаева Д.Д Кенбаева З.К.
	02.06	Математика (контрольная работа)	9:00 №16	Черинбекова А.К.	Мамедова Д.Я. Мусаева А.С.
	05.06	Казахский язык (письменно)	9:00 №25	Байлиева А.Б.	Утегенова Ш.Б Маманова М.
			9:00 №18	Базилова П.Н.	Жунисова Р.К. Бейбитова А.Б

Сынып	Күні	Пәні	Уақыты Кабинет	Экзаменатор	Ассистент
11 «А»	01.06	Қазақ тілі мен әдебиеті (эссе)	9:00 фойе	Кудериева Б.Ж.	Трусбаева Е.С. Қосақбаева Т.
	4.06	Алгебра және анализ бастамалары (бақылау жұмысы)	9:00 фойе	Усенова Б.	Примкулова Г.С. Рысбаев А.
	7.06	Қазақстан тарихы (тестілеу)	9:00 №23	Курманбаева Н.Е.	Саменова Н. Заурбекова Д.
	10.06	Орыс тілі (тестілеу)	9:00 №23	Айдаркулова Д.К	Мукамбетова Ж. Егесинова Г.
9:00 №21			Нурбаева Д.Д.	Кенбаева З.К. Салимова А.А.	
11 «Ә»	01.06	Қазақ тілі мен әдебиеті (эссе)	9:00 фойе	Кудериева Б.Ж.	Жумагулова Г. Маманова М.
	4.06	Алгебра және анализ бастамалары (бақылау жұмысы)	9:00 фойе	Абдураманов Р.	Садуакасова Қ. Танабек А.
	7.06	Қазақстан тарихы (тест)	9:00 №21	Ақбаева Ж.Б.	Жарылғапова Ж. Сатенов Қ.
	10.06	Орыс тілі (тест)	11:00 №23	Айдаркулова Д.К	Егесинова Г. Мукамбетова Ж.
11:00 №21			Кенбаева З.К.	Нурбаева Д.Д. Салимова А.А	
11 «Б»	01.06	Русский язык и литература (эссе)	9:00 №16	Салимова А.А	Нурбаева Д.Д. Кенбаева З.К.
	4.06	Алгебра и начала анализа (контрольная работа)	9:00 №16	Мамедова Д.Я.	Черинбекова А.К. Мусаева А.С.
	7.06	История Казахстана (тест)	9:00 №16	Байманова А.А.	Капарова Ж.Ж. Кравчук Е.Н.
	10.06	Казахский язык	9:00	Базилова П.Н.	Жунисова Р.К.

		(тест)	№16		Баилиева А.Б.
--	--	--------	-----	--	---------------

11.06.2021ж. өтілген №10 педагогикалық кеңестің күн тәртібінде қорытынды аттестаттау нәтижесін бекіту, 10-сынып оқушыларын 11-сыныпқа көшіру мәселесі қаралды.

9 сыныптың 94 оқушысы және 11 сыныптың 49 білім алушысы мемлекеттік емтихан тапсырды.

Емтихандар өтетін күндері COVID-19 ауырған білім алушылар болған жоқ. Жазбаша емтихандар білім алушылары бір-бірден отырғызылатын үлкен сынып бөлмелерінде (бір партаға бір білім алушысы) өткізілді.

Қорытынды аттестаттау қорытындысы:

9 сынып

№	Пәні: Казахский/Русский язык 9 класс (эссе)													
	Кол-во участников			оценка "5"				оценка "4"				оценка "2"		
	Всего	с каз. яз.обуч	с рус.яз.обу	Всего	%	с каз.яз.об	с рус.яз.обу	Всего	%	с каз. яз.обуч	с рус.яз.обу	Всего	с каз. яз.обуч	с рус.яз.обу
1	94	71	23	17	18,0	16	1	53	56,3	35	18	0	0	0

Үлгерімі 100%, білім сапасы 71,8%

№	Пәні: Алгебра 9 сынып													
	Кол-во участн-в			оценка "5"				оценка "4"				оценка "2"		
	Всего	с каз. яз.обуч	с рус.яз.обу	Всего	%	с каз.яз.об	с рус.яз.обу	Всего	%	с каз. яз.обуч	с рус.яз.обу	Всего	с каз. яз.обуч	с рус.яз.обу
1	94	71	23	14	14,8	13	1	48	51,0	35	13	0	0	0

Үлгерімі 100%, білім сапасы 66%

№	Пәні: Орыс тілдерінде оқытылатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті және қазақ тілінде оқытылатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті 9 класс													
	Кол-во участников			оценка "5"				оценка "4"				оценка "2"		
	Всего	с каз. яз.обуч	с рус.яз.обу	Всего	%	с каз.яз.об	с рус.яз.обу	Всего	%	с каз. яз.обуч	с рус.яз.обу	Всего	с каз. яз.обуч	с рус.яз.обу
1	94	71	23	20	21,2	15	5	53	56,3	41	12	0	0	0

Үлгерімі 100%, білім сапасы 77,6%

9 сынып білім алушыларының пәндер бойынша қорытынды аттестаттау нәтижелері балл түрінде журналға қойылды және емтихан балдары емтихан

бағасына ауыстыру шәкілі бойынша ауыстырылды.Емтихан нәтижесі шығарылып, хаттамалары толтырылды.

Бір немесе екі пәннен қанағаттанарлықсыз баға алған 9 сынып білім алушылары болған жоқ.Қорытынды аттестаттау қорытындысы бойынша білім сапасында өзгеріс болған жоқ.Қорытынды аттестаттау нәтижесі бойыншанегізгі орта білім туралы үздік аттестатқа үміткер Исаева Сая, Омарова Аяулым, Ахметова Сымбат және Бекзат Аружан барлық емтихандарды «5» бағасымен тапсырып, оқу жылын үздік үлгеріммен аяқтады.

11 сынып

№	Пәні: Қазақ тілі /Орыс тілі 11 сынып (эссе)													
	Кол-во участников			оценка "5"				оценка "4"				оценка "2"		
	Всего	с каз. яз.обуч	с рус.яз. обу	Всего	%	с каз.яз.об	с рус.яз. обу	Всего	%	с каз. яз.обуч	с рус.яз. обу	Всего	с каз. яз.обуч	с рус.яз. обу
1	49	39	10	22	44,8	18	4	20	40,8	14	6	0	0	0

Үлгерімі 100%, білім сапасы 85,7%

№	Предмет: Алгебра и начала анализа 11 класс													
	Кол-во участников			оценка "5"				оценка "4"				оценка "2"		
	Всего	с каз. яз.обуч	с рус.яз. обу	Всего	%	с каз.яз.обу	с рус.яз. обу	Всего	%	с каз. яз.обуч	с рус.яз. обу	Всего	с каз. яз.обуч	с рус.яз. обу
1	49	39	10	13	26,5	10	3	19	38,7	15	4	0	0	0

Үлгерімі 100%, білім сапасы 77,6%

№	Предмет: История Казахстана 11 класс													
	Кол-во участников			оценка "5"				оценка "4"				оценка "2"		
	Всего	с каз. яз.обуч	с рус.яз. обу	Всего	%	с каз.яз.обу	с рус.яз. обу	Всего	%	с каз. яз.обуч	с рус.яз. обу	Всего	с каз. яз.обуч	с рус.яз. обу
1	49	39	10	13	44,8	7	6	26	53,0	23	3	0	0	0

Үлгерімі 100%, білім сапасы 79,5%

№	Предмет: Русский язык и литература для 11 класса с казахским языком обучения и казахский язык с русским языком обучения													
	Кол-во участников			оценка "5"				оценка "4"				оценка "2"		

	Всего	с каз. яз.обуч	с рус.яз. обу	Всего	%	с каз.яз.обу	с рус.яз. обу	Всего	%	с каз. яз.обуч	с рус.яз. обу	Всего	с каз. яз.обуч	с рус.яз. обу
1	49	39	10	21	42,8	17	4	24	49,0	19	5	0	0	0

Үлгерімі 100%, білім сапасы 91,8%

11 сыныптарда әрбір пән бойынша жазбаша емтихандар, тестілеулер өткеннен кейін комиссия сол күні білім алушыларға емтихан бағалары мен қорытынды бағаларын қойып, хаттамаға енгізді. Бір немесе екі пәннен қанағаттанарлықсыз баға алған 11 сынып мектеп бітірушілері болған жоқ. Қорытынды аттестаттау қорытындысы бойынша білім сапасында өзгеріс болған жоқ. «Алтын белгі» төс белгісінен үміткер жаратылыстану-математикалық бағыттағы қазақ сыныбының оқушылары Абдуқахар Ақбопе, Қарсақбаева Жанель, орыс сыныбының оқушысы Павлова Лиана және ерекше үлгідегі аттестатқа үміткер Айтех Жамбыл, Сыздыкова Дильназ, Рашидова Рамина барлық пәндерден бестік алып, өз білімдерін ақтады.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

– 9 сынып бітірген 90 оқушыға негізгі мектепті аяқтағаны туралы аттестат берілсін.

– Негізгі орта білім туралы аттестатқа қосымшаға енгізілетін оқыған барлық пәндерден "5" деген бағасы бар 9 «Б» сынып оқушысы Исаева Сая, Омарова Аяулым, Ахметова Сымбат және 9 «В» сынып оқушысы Бекзат негізгі орта білім туралы үздік аттестат беріліп, мақтау қағазымен марапатталсын.

– 11 сынып бітірген 43 оқушыға жалпы орта білім туралы аттестат беру.

– Жақсы мінез-құлық танытқан және 5-11 сыныптар аралығында барлық пәндерден жылдық және қорытынды бағалары "5" болған және жалпы орта білімі бойынша қорытынды аттестаттаудан "5" деген бағаға өткен Абдуқахар Ақбопе, Қарсақбаева Жанель, Павлова Лианаға жалпы орта білім туралы "Алтын белгі" аттестаты және "Алтын белгі" белгісі берілсін. 10 және 11 сыныптардағы оқу кезеңінде барлық оқыған пәндерден жылдық, қорытынды және қорытынды аттестаттаудағы бағалары "5" болған Айтех Жамбыл, Сыздыкова Дильназ, Рашидова Раминаға жалпы орта білім туралы үздік аттестат берілсін.

Гимназия директорының 2021ж. 14 маусым күнгі №96, №97 бұйрығымен 9 сынып бітірген 94 оқушы және 49 мектеп бітіруші мектеп есебенен шығарылды.

Мектеп бітірушілердің жұмыспен қамтылуы:

(Жалпыға бірдей міндетті білім беру штабы отырысында қаралды)

№	Сынып	Мектеп бітірушілер	ҰБТ-ге қатысқандар	ЖОО-на түскендер	Колледжге түскендер	ТМД және Шет елге оқуға түскендер	Оқуға түспегендер

		саны	(маусым)	Грант	Ақылы	Грант	Ақылы	Грант	Ақылы	
1	11 «А»	20	19	13	6	-	-			1
2	11 «Ә»	19	18	9	7	1	1			1
3	11 «Б»	10	9	1	4	1	1		2	1
	Барлығы	49	46	23	17	2	2		2	3

2020-2021 оқу жылындағы «Алтын белгі» иегерлерінің саны	Үздік аттестат иегерлерінің саны	Оның ішінде ЖОО түскені	Оның ішінде грант иегерлері
3	3	5	5

«Серпін» бағдарламасы бойынша Тұршақбай А., Кеңес А. (Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті) грант иегері атанды.

2021-2022 оқу жылы

2021-2022 оқу жылының басында мектеп бітірушілер саны – 52 болды. 11«А» сыныбында – 16 оқушы, 11 «Ә» сыныбында – 7 оқушы, 11«Б» сыныбында – 21 оқушы,

11«Б» сыныбында – 8 оқушы. «Алтын белгіге» үміткер – Маматкулова Пакизат, Сабит Фатима, Сарсенбай Гүлназ, Раушанбекова Ақниет, Құралова Адэма. Үздік аттестатқа үміткер Елемесова Мадина.

9 сынып оқушылар саны 88. 9«А» сыныбында – 20, 9 «Ә» сыныбында – 18, 9 «Б» сыныбында – 20, 9 «В» сыныбында – 21, 9 «Г» сыныбында – 9 оқушы.

Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясының 31.08.2021ж. №1 педагогикалық кеңесте

2021-2022 оқу жылына арналған мектеп түлектерін қорытынды аттестаттауға дайындау бойынша бұйрық шығарылып, дайындық жоспары бекітілді. Қосымша сабақтар кестесі құрылды.

11«А» сыныбында

Дүйсенбі – қазақ тілі, қазақ әдебиеті

Сейсенбі – алгебра және анализ бастамалары

Сәрсенбі – Қазақстан тарихы

Бейсенбі – таңдау пәні

Жұма – орыс тілі мен әдебиеті

11«Ә» сыныбында

Дүйсенбі – алгебра және анализ бастамалары

Сейсенбі – қазақ тілі, қазақ әдебиеті

Сәрсенбі – орыс тілі мен әдебиеті

Бейсенбі – Қазақстан тарихы

Жұма – таңдау пәні

11«Б» сыныбында

Дүйсенбі – қазақ тілі, қазақ әдебиеті
Сейсенбі – алгебра және анализ бастамалары
Сәрсенбі – Қазақстан тарихы
Бейсенбі – орыс тілі мен әдебиеті
Жұма – таңдау пәні

11 «В» сыныбында

Дүйсенбі – русский язык, русская литература
Сейсенбі – алгебра және анализ бастамалары
Сәрсенбі – история Казахстана
Бейсенбі – таңдау пәні
Жұма – казахский язык и литература

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көзделген оқу пәндерінің көлемін, олардың меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім болғандықтан жыл бойы қорытынды аттестаттауға дайындық жұмыстары жүргізіліп, дайындық жұмыстарының барысы директор жанындағы кеңесте және педагогикалық кеңесте қаралуда. Мектеп түлектеріне айына 1 рет байқау сынақтарын өткізу жоспарланды.

5.11.2021ж. өтілген №3 педагогикалық кеңестің күн тәртібінде мектеп түлектерін қорытынды емтиханға дайындау мәселелері қаралды.

I тоқсан барысында мектеп түлектерінен «Алгебра және анализ бастамалары» пәнінен бақылау жұмысы, Қазақстан тарихы және таңдау пәндерінен 2 рет байқау сынама тесті алынды. Бақылау жұмысының қорытындысы бойынша жоғары көрсеткішті 11 «Ә» сыныбы көрсетті (білім сапасы-71%, үлгерімі-100%), ал төмен көрсеткішті 11 «В» сыныбы көрсетті (білім сапасы-42,8%, үлгерімі-100%). 11 «А» сынып оқушысы Тажикенов Дияс, 11 «Б» сынып оқушысы Асанов Айдын бақылау жұмысынан «2» алған. 11 «А», 11 «Б», 11 «В» сынып оқушыларының басым бөлігі алғашқы функция, анықталмаған интеграл қасиеттерін, қисықсыздықты трапецияның анықтамасын біледі және оның ауданын табу үшін Ньютон-Лейбниц формуласын қолдана алады. Алайда, айналуденесінің көлемін анықталған интеграл көмегімен есептеу формуласын қолданып есептеуде қате жіберген. 11 «Ә» сыныптың басым бөлігі «Алғашқы функцияны табу», «Анықталған интеграл», «Дененің көлемін интегралды қолданып есептеу» тақырыптарын жақсы меңгерсе, оқушылардың 29%-ы «Қисық сыздықты трапецияның ауданын табу» тапсырмасында қателескен. Оқушылар формуланы дұрыс қолданғанымен, көбінесе арифметикалық есептеуден қате жіберген. Алынған 2 тест қорытындысы бойынша Қазақстан тарихы пәнінен түлектердің білімі төмен екені анықталды. Соңғы тест нәтижесін алдыңғы сынама тест қорытындысымен салыстырғанда мектеп бойынша жалпы орташа балл -4,2 балға төмендеген. Таңдау пәндері бойынша 11 «А» сыныбында өсу динамикасы математика (+1,5 балл), география (+3 балл), 11 «Б» сыныбында ағылшын тілі (+1,9 балл), қазақ тілі (+10 балл), 11 «Б» сыныбында математика (+1 балл) пәні бойынша байқалды.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

- Қазақстан тарихы, таңдау пәндері бойынша дайындық жұмыстары күшейтілсін. Жауапты: Жарылғапова Ж., Курманбаева Н., Байманова А.
- Бақылау жұмысынан «2» алған оқушылармен жеке жұмыс жүргізілсін. Жауапты: Абдураманов Р.
- Өткізілген сынама жұмысының қорытындысымен ата-аналартаныстырылсын. Жауапты: сынып жетекшілері.

9.01.2022ж. өтілген №4 педагогикалық кеңестің күн тәртібінде “Алтын белгі”, ерекше аттестатқа үміткерлермен жұмыс барысы қаралды.

«Алтын белгіге» үміткер – Маматкулова Пакизат, Сабит Фатима. Үздік аттестатқа үміткер Елемесова Мадина.

I жартыжылдықта үміткерлерден «Алгебра және анализ бастамалары» пәнінен бақылау жұмысы, ана тілі және әдебиетінен (оқыту тілі) эссе алынды. Бақылау жұмысының және эссе қорытындысы бойынша үміткерлер жақсы нәтиже көрсетті. Орыс тілі пәні бойынша дайындық деңгейін және үміткерлердің коммуникативті-тілдік құзіреттілігінің қалыптасу деңгейлерін анықтау мақсатында сынама жұмысы (тест) өткізілді. Тест үш блокқа бөлінген 40 сұрақтан тұрды: лексико-грамматикалық блок, «Тыңдалым» блогы, «Оқылым» блогы. Тест нәтижесі бойынша үміткерлер орыс тілін жақсы меңгергені анықталды. 1-2 тоқсанда 4 рет байқау сынағы алынды. Өткізілген байқау сынақтарының қорытындысы бойынша «Алтын белгіге» үміткер оқушылардың көрсеткіштері өсуде, ал үздік аттестатқа үміткер Елемесова Мадинаның көрсеткіштері баяу көтерілуде. Соңғы тест нәтижесі бойынша Маматкулова Пакизат, Сабит Фатиманың орташа балы 100 балдан асып тұр.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

